

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHISTAN
MEDICAL
ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарлама тобы: ВМ 086 Медицина

БББ коды: 6В10115

Білім беру бағдарламасының атауы: Медицина

Білім беру бағдарламасының деңгейі: бакалавриат-бейіндік магистратура

Шымкент, 2023

QAZAQSTAN RESPUBLIKASY MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		QAZAQSTAN RESPUBLIKASY MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	Сәйкес номері 46 беттің 2 беті
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті 6B10115 «Медицина» Білім білім беру бағдарламасы			

6B10115 «Медицина» Білім беру бағдарламасын «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитетінің мүшелері өңдетен.

Жұмыс берушілермен келісілген:

№5 ШҚЕ бас дәрігері  Сейдалиева Ж.М.

№2 КА бас дәрігері  Позилев Б.Д.

«Медицина» ББК төрайымы  Садыкова А.Ш.

№ 10 хаттамасы « 16 » 05 2023ж.

Әдістемелік кеңеспен мақұлдаған

ОӘЖТЖ проректоры  Анартаева М.У.

№ 12 хаттамасы « 26 » 06 2023ж.

Ғылыми Кеңеспен бекітілген

№ 12 хаттамасы « 27 » 06 2023ж.



ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 3 беті
6B10115 - Медицина		

Білім беру бағдарламасының паспорты

1. Білім беру бағдарламасының миссиясы: Білікті және өз өзін жетілдіруге және ғылыми зерттеулерді жүргізуге қабілетті болатын кадрларды дайындау.

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты: Жалпы мәдени, кәсіби және зерттеу құзыреттіліктер жүйесіне ие, практикалық қызметті атқаруға қабілетті болатын магистр-дәрігерді дайындау.

3. Білім беру бағдарламасын негіздеу:

-студенттер үшін: бакалавриат, интернатура және магистратура деңгейлерінің базалық дайындығын қамтитын үзіліссіз интеграцияланған медициналық білім беруді игерту. 6 жылдан кейін түлекке магистр академиялық дәрежесі ұсынылып, дәрігер біліктілігі бар дипломы беріледі.

-еңбек нарығындағы тұтынушылық: жоғары біліктілік және кәсіби табандылық, қажетті тәжірибелік және теориялық білімдердің болуы, құзыреттілік, бақылау қабілеттігі және көрегенділігі, дамыған клиникалық ойлау қабілеті және бейімділік сияқты қасиеттерге ие болатын кадрлармен қамтамасыз ету.

4. Білім беру бағдарламасы негізделген кәсіби стандарты:

Білім беру бағдарламасын өндеуге арналған нормативтік құжаттар

- 2023 жылғы 20 ақпандағы №66 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі No 2 бұйрығы;
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 04.07.2022 жылғы No ҚРДСМ-63 бұйрығы;
- «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 09.01.2023 жылғы No 4 бұйрығы;
- «Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беруді кезең-кезеңімен енгізуді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрінің 2022.08.08 No 661 бұйрығы;

ON'TUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 4 беті
6B10115 - Медицина		

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 07.07.2020 жылғы № 360-VI Кодексі (04.07.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - 04.07.2022.

- 29 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулармен «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 420 бұйрығы. 2021;(Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 18.11.2022 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.)

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04. 2011 жылғы № 152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» (05.06.2021 ж. өзгертулер мен толықтырулармен)

- «Клиникалық мамандықтар бойынша үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 27 бұйрығы (14.05.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен)

- 29.12.2018 Жаңартулар мен толықтырулар енгізілген «Тиісті үлгідегі және үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы, 29.12. 2021.

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 АМ МЖӘБ директорының бұйрығы.

- «ОҚМА» АҚ «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен өңдеу әрекеттері туралы ереже» 29.05.2019 ж.

- «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттары.

5. Кәсіби қызмет саласы: 6B10115 «Медицина» білім беру бағдарламасын игерген түлектердің кәсіби қызмет саласы ересектер мен балаларға арналған медициналық жәрдем көрсету арқылы тұрғындар денсаулығын сақтауды қамтиды.

6. Кәсіби қызмет салалары:

- денсаулық сақтауды басқару ұйымдары;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 5 беті
6B10115 - Медицина		

- денсаулық сақтау ұйымдары;
- білім беру ұйымдары;
- ғылым ұйымдары;
- әлеуметтік қорғау ұйымдары;
- ересектер мен балалар;
 - тұрғындар денсаулығын сақтау үшін жағдайларды құруға бағытталған құралдар мен технологиялардың жиынтығы.

Кәсіби қызмет түрлері:

- емдік-профилактикалық және диагностикалық;
- ұйымдастыру-басқару;
- ғылыми-зерттеу;
- педагогикалық.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09- 45 беттің 6 беті
6B10115 - Медицина		

Жалпы мағлұмат

№	БББ сипаттамасы	Мәлімет
1	Тіркеу нөмірі	6B10100121
2	Білім беру саласының коды және жіктелінуі	6B10 Денсаулық сақтау
3	Дайындау бағыттарының коды және жіктелінуі	6B101Денсаулық сақтау
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	BM086 Медицина
5	Білім беру бағдарламаның коды, атауы	6B10115 Медицина
6	БББ түрі	Жаңа БББ
7	ББЖХС бойынша деңгей	
8	ҰБШ бойынша деңгей	6-7
9	БСН бойынша деңгей	6-7
10	БББ айқындайтын ерекшеліктері	Үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламасы
	Серіктес-ЖОО(ББББ) -	-
	Серіктес-ЖОО (ЕДБББ)	-
11	Құзыреттіліктер тізімі	1 НҚ. Медициналық білім: Жалпы қабылданған, ұдайы дамып және жаңартылып отыратын білімді қоса алғанда, биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдары саласындағы білімді

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-
6B10115 - Медицина	45 беттің 7 беті

	көрсету және қолдану. Білікті медициналық көмек көрсету үшін кәсіби және ғылыми медициналық білімді синтездеу 2 НҚ. Коммуникациялар: пациенттермен, олардың отбасыларымен және денсаулық сақтау мамандарымен тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкелетін тұлғааралық және коммуникациялық дағдыларды көрсету, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану 3 НҚ. Клиникалық дағдылар: ауруларды диагностикалауға, емдеуге және алдын алуға бағытталған тиісті және тиімді араласуды қоса алғанда, пациентке бағытталған тиімді көмекті қамтамасыз ету 4 НҚ. Кәсібилік: кәсіби қызмет пен этикалық принциптерге адалдығын көрсету. Денсаулық сақтау ұйымдарындағы қызметті үйлестіру. Шешім қабылдау және білікті медициналық жәрдем көрсету үшін жауапкершілікті алу қабілеті. 5 НҚ. Жеке және кәсіби даму: үздіксіз жеке және кәсіби өсуді қолдау үшін қажетті қасиеттерді көрсету, үздіксіз өзін-өзі бағалау және өмір бойы білім алу негізінде медициналық көмек сапасын үздіксіз жақсарту. Өз бетінше білім алу және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқыту, пікір-таласта, конференцияларда және басқа үздіксіз даму түрлерінде белсенді болу қабілеті. 6 НҚ. Нормативтік-құқықтық білім: денсаулық сақтау жүйесінің қолданыстағы заңнамалық және нормативтік базасы шеңберінде өз әрекеттері үшін жауапкершілікті білу және көрсету, оңтайлы денсаулық сақтауды қамтамасыз ету үшін өз тәжірибесінде оларды басшылыққа алу. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет жасау қабілеті. 7 НҚ. Зерттеу: өз пациенттерінің емдеу нәтижелерін зерттеу және бағалау, ғылыми дәлелдерге негізделген емдеу принциптерін бағалау және енгізу қабілетін
--	--

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 8 беті
6B10115 - Медицина		

		көрсету, ғылыми мәліметке негізделген ауруларды анықтау ұстанымдарын қолдану қабілеті. Биоэтиканың ескерілуімен денсаулық сақтау саласында заманауи зерттеу әдістерін қолдану және оларды клиникалық тәжірибеге енгізу.
12	Оқыту нәтижелері	1 ОН. Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдар саласындағы негізгі білімдерді тәжірибеде қолдана алады. 2 ОН. Биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдар саласындағы кең таралған аурулардың диагностикасына, емдеуіне және алдын алуына бағытталғаны пациент-орталықтанған күтімді қамтамасыз етеді. 3 ОН. Сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өз қызметін ҚР Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады. 4 ОН. Тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкелетін этика мен деонтология ережелерін сақтау негізінде пациенттермен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді қарым-қатынас жасайды. 5 ОН. Өзін-өзі бақылау және өз қызметін үздіксіз жетілдіру негізінде кәсіби міндеттерді сапалы орындайды. 6 ОН. Дәлелді медицина қағидаттары негізінде бала және ересек жастағы пациенттерді, оның ішінде жүкті әйелдерді қабылдауды, диагностикалауды, емдеуді, динамикалық бақылауды және оңалтуды жүргізеді. 7 ОН. Денсаулық сақтау, қоршаған орта қауіпсіздігі ұйымдарында қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-гигиеналық тәртібінің және еңбек қауіпсіздігі нормаларын ескереді. 8 ОН. Шұғыл және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда білікті және шұғыл медициналық көмек көрсетеді

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 9 беті
6B10115 - Медицина		

		9 ОН. Медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттауды қамтамасыз ете отырып, ҚР Денсаулық сақтау жүйесінің электрондық базаларында жұмыс істейді. 10 ОН Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту негізінде медициналық практикада ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді қолданады. 11ОН. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін және ғылыми деректерге негізделген өзінің кәсіби қызметін талдайды. 12 ОН. Биоэтиканың ескерілуімен денсаулық сақтау саласында заманауи әдістерін қолданады, клиникалық тәжірибеге жаңа әдістерін енгізеді 13 ОН. Тұрғындар денсаулығының көрсеткіштерін және олардың физикалық, радиологиялық, химиялық және биологиялық-экологиялық детерминанттарын бағалайды. 14 ОН. Халықтың денсаулығын нығайту, денсаулықты сақтау және аурулардың алдын алу бойынша санитарлық ағарту іс-шараларын жүргізеді.
13	Оқыту формасы	Күндізгі
14	Оқыту тілі	Қазақ, орыс және ағылшын
15	Кредиттер көлемі	360
16	Тағайындалатын дәреже	«медицина магистрі», дәрігер
17	Оқу мерзімі	6 жыл
18	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның болуы	KZ36LAA00011387
19	БББ аккредиттеуінің болуы	Иә
	Аккредитация жүргізетін органның атауы	НУ “Аккредитациялау және рейтингтің тәуелсіз агенттігі” IAAR

ON'TÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 11 беті
6B10115 - Медицина		

Қосымша 1.2

Құзыреттіліктерге/ оқыту нәтижелеріне жеткізу матрицасы

№	Пән атауы	Пәннің қысқа мазмұны	Цикл (ЖББ П, БП, БнП)	Компонент (МК, ЖООК, ТК)	Кредит саны	Қалыптастыру ОН (коды)
Жалпы білім беретін пәндер циклі					56	
1	Қазақстан тарихы	Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық-адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру, сонымен қатар тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдерін пайдалана білу. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдау.	ЖБП	МК	5	ОН 1 ОН2 ОН 3 ОН 5
2	Дене шынықтыру	Өмір бойы өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін жеке білім беру траекториясын құру дағдылары арқылы бәсекеге қабілетті және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, салауатты өмір салтына бағдарланған, толыққанды әлеуметтік және кәсіби белсенділікті қамтамасыз ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. дене шынықтыру әдістері мен құралдары.	ЖБП	МК	8	ОН 1 ОН2 ОН 5 ОН 14
3	Шет тілі	Шет тілінде коммуникация, өзін-өзі жетілдіру және кәсіби жетістік бағдарламаларын құру үшін грамматикалық білім	ЖБП	МК	10	ОН 1 ОН2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 12 беті
6B10115 - Медицина		

		жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастыру; тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін шет тілінде ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасау; шет тілінде тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау жағдайына сәйкес ақпаратты талдау.				ОН 4 ОН 5
4	Қазақ (орыс) тілі	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас міндеттерін орындау үшін қазақ, орыс тілдерінде ауызша және жазбаша түріндегі қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынас жағдайына тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас қабілетіне сәйкес ақпаратты талдау; қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынас, кәсіби жетістіктер мен өз-өзін жетілдіру бағдарламаларын құру үшін грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалану.	ЖБП	МК	10	ОН 1 ОН2 ОН 4 ОН 5

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-45 беттің 13 беті
6B10115 - Медицина	

5	Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар	Өзіне және қызметінің барлық салаларында заманауи технологияларды игеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында дағдыларды қалыптастыру; жеке мақсатта және қызметі саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар түрлерін пайдалану: интернет-ресурстар, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистер және т. б.	ЖБП	МК	5	ОН 1 ОН 4 ОН 9
6	Философия	Табиғат пен әлеуметтік дүниені ғылыми-философиялық таным әдістерімен ғылыми түсіну мен зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындықты бағалау дағдыларын қалыптастыру; мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекше белгілерін түсіндіру; қоғамдық құбылыстарды, процестерді және мәселелерді сандық және сапалық талдау дағдылары қалыптастыру	ЖБП	МК	5	ОН 1 ОН2 ОН 4 ОН 10
7	Психология және мәдениеттану	Болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарының қалыптасуы негізінде оның жеке тұлғалық әлеуметтік-мәдени дамуын; бүкіл өмір бойында өзіндік дамуы мен білім алу дағдыларын; қазіргі әлемдегі сыни тұрғыдан ойлауға ұтқырлыққа қабілетті жеке тұлғаның; қазақстандық қоғамның	ЖБП	МК	4	ОН1 ОН2 ОН4 ОН5

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-45 беттің 14 беті
6B10115 - Медицина	

		қоғамдық, іскерлік, мәдени және этникалық нормаларын қолдану дағдыларын; жеке тұлғалық және кәсіби бәсекеге қабілеттілік дағдыларын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктерінің қалыптасуы.				
8	Әлеуметтану және саясаттану	Қоғамдық-саяси білімдерін, қолдану дағдыларын қалыптастыру, ғылыми зерттеу әдістерін жалпылау. Әлеуметтану және социологиялық көзқарас. Әлеуметтік құрылым және стратификация. Білім және әлеуметтік теңсіздік. Денсаулық және медицина. Қазақстанның жаһандық әлемдегі өркениеттік сәйкестендіруі. Қоғамдық өмір құрылымындағы саясат. Билік саяси институт ретінде. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси мәдениет, этика және мінез-құлық. Егеменді Қазақстан мемлекетаралық қатынастар жүйесінде.	ЖБП	МК	4	ОН1 ОН2 ОН4 ОН10
9	Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер*	Интеграцияланған пән: Экономикалық, құқықтық, экологиялық және ғылыми білімдердің; қазақстандық қоғамның өмір бойына өзін-өзі дамытуымен білім алуы үшін қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын қолданудың жалпы құзіреттіліктері, қазіргі әлемдегі құзіреттіліктері мен сыни тұрғыда ойлауының; нақтылы ғылымды зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолданудың дағдылары негізінде өзіндік адамгершілік және азаматтық ұстанымдарының қалыптасуы.	ЖБП	ТК		ОН1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН9 ОН12

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-45 беттің 15 беті
6B10115 - Медицина	

10	Құқық және экономика негіздері*	Нарық және бәсеке. Ақша және инфляция. Несиелік ақша жүйесі. Қаржы жүйесі және фискалдық саясат. Қазақстан Республикасындағы ұлттық экономиканың даму ерекшеліктері. Бизнес-идея мен стартап таңдау, кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі бизнес-жоспар, бизнес-жоспардың мазмұны және оларды дамыту дағдылары. Құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер. Қазақстан Республикасының конституциялық, әкімшілік, азаматтық және отбасылық, қаржылық және еңбек, экологиялық және жер және қылмыстық құқықтарының негіздері.	ЖБП	ТК	5	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4
11	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және кәсіпкерлік дағдылар негіздері*	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. «Сыбайлас жемқорлық» түсінігінің теориялық және әдістемелік негіздері. Саяси билік және сыбайлас жемқорлық. Непотизм. Қазіргі мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлықтың трансформациясы. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және ондағы әлеуметтік саланың рөлі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін заңды жауапкершілік. Әртүрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін моральдық-этикалық жауапкершілік.	ЖБП	ТК		ОН1 ОН2 ОН3 ОН4
12	Экология және тіршілік қауіпсіздігі.	Қазіргі және халық денсаулығының экологиялық проблемалары. Халықтың жалпы аурушандығының сыртқы орта факторларымен себепті байланысы және адам денсаулығына түсетін ауыртпалықты азайту жолдары.	ЖБП	ТК		ОН1 ОН3 ОН 12

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-
6B10115 - Медицина	45 беттің 16 беті

	Ғылыми зерттеу әдістері*	Төтенше жағдайлар және тіршілікті қамтамасыз ету негіздері. Ғылыми танымның әдіснамалық негіздері. Ғылым және фактілікті дамытудың басқа формалары. Ғылыми танымның әдістері. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру принциптері. Қазіргі ғылымдағы медициналық зерттеулердің рөлі. Ғылыми зерттеу әдістерін теория мен тәжірибеде қолдану.				
Базалық пәндер циклі					95	
13	Мамандыққа кіріспе (медицина негіздері және қауіпсіз күтім; медициналық этика және коммуникативтік дағдылар; медициналық құқық)	Интеграцияланған пән: даму заңдылықтары және медициналық білім тарихы. Дәрігердің кәсіби қызметінің моральдық аспектілері. Денсаулық сақтау ұйымдары. Емдеу-қорғау режимі. Қауіпсіз күтім. Коммуникативті мәдениет, қабілет, құзыреттілік. Науқаспен, оның отбасы мүшелерімен, әріптестерімен тиімді қарым-қатынастың негізгі принциптері. Медициналық құқықтың міндеттері, принциптері. Денсаулық сақтау және медициналық көмек құқығы. Денсаулық сақтау саласындағы заңнама, медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің, пациенттердің құқықтары мен міндеттері туралы білімді жүйелеу, Денсаулық сақтау саласындағы заңды жуапкершіліктің негіздері мен шарттары.	БП	ЖК	3	ОН2 ОН3 ОН4
14	"Қауіпсіз күтім" оқу тәжірибесі	Пациентпен тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өз қызметін үздіксіз жетілдіру мақсатында Өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. Пациентке жеке көзқарасты	БП	ЖК	1	ОН2 ОН4 ОН5 ОН7

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 17 беті
6B10115 - Медицина		

		жүзеге асыру және пациентке бағытталған күтімді орындау. Пациенттерді қабылдау және санитарлық өңдеу. Науқастарды тасымалдау. Науқастың тамақтануы. Ауыр науқастарға күтім жасау. Жатын жараның алдын алу. Төсек жаймаларын ауыстыру. Стационардың санитарлық-эпидемиологиялық режимі.				
15	Адамның физиологиялық процестерін құрылымдық ұйымдастыру (Молекулярлы биология, гистология, микробиология және химия)	<i>Интеграцияланған пән:</i> жасуша құрылысы, олардың полиморфизмі, құрылымының өзара байланысы мен қызметін, зат алмасу үдерісін түсінуге бағытталған фундаментальді білім қалыптастыру. Биологиялық мембраналар. Тірі материяның ұйымдасуының ұлпалық деңгейдегі ұстанымдары. Биопотенциалдардың пайда болуының молекулалық, химиялық және биохимиялық механизмдері, қышқыл-сілтілік жағдайының реттелуі, және олардың ұлпаларда, мүшелер мен микроағзаларда патологиялық өзгерістерді қалыптастырудағы рөлі. Биохимиялық заттардың сапалық, сандық және микробиологиялық көрсеткіштері.	БП	ЖК	6	ОН 1 ОН 2 ОН13
16	Гендер және тұқымқуалаушылық (Молекулярлы биология, адам эмбриологиясы, биорганикалық химия,	<i>Интеграцияланған пән:</i> Биологиялық белсенді заттар мен генетикалық аппараттың химиялық құрылымының негізі. Тұқым қуалаушылықтың жасушалық және молекулалық механизмдері, адам эмбрионалдық дамуының заңдылықтары, оның қиын-қыстау кезеңдері, даму ақаулықтарын анықтаудағы жаңа молекулалық-генетикалық және алдын-алу әдістері. Фармакологиялық	БП	ЖК	4	ОН 1 ОН 2 ОН11

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 18 беті
6B10115 - Медицина		

	медициналық генетика)	және басқа түрдегі емдеуге ағзаның жауап беру реакциясы және ауру этиологиясында тұқым қуалайтын факторлардың маңызы.				
17	Қалыпты тірек-қимыл аппараты және тері (анатомия, физиология, гистология, сәулелік диагностика негіздері, латын тілі)	<i>Интеграцияланған пән:</i> тірек-қимыл аппараты мен терінің морфофункционалды ерекшеліктерін, оның физикалық диагностика үшін топикалық негізін зерттеу. Қозғыштық-жиырылғыш биомеханизмдері- бұлшықеттерде қаңқамен байланыста болатын қозғалыс құбылысы. Сүйектердің, буындардың, бұлшықеттердің макрокопиялық және микрокопиялық құрылысын білу. Тірек-қимыл аппаратын зерттеудің визуалды әдістері. Латын тілі және оның медициналық терминологияны қалыптастырудағы рөлі. Медициналық терминологияның үш ішкі жүйесі (анатомиялық, клиникалық, фармацевтикалық). Рецепттің латын бөлігінің безендірілуі. Латын тіліндегі қанатты сөздер, латын тіліндегі медициналық өсиеттер.	БП	ЖК	7	ОН1 ОН2 ОН4

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 19 беті
6B10115 - Медицина		

18	Қалыпты жүйке жүйесі және сезу мен көру мүшелері (анатомия, физиология, гистология, биохимия, сәулелік диагностика негіздері, клиникаға кіріспе)	<i>Интеграцияланған пән:</i> жүйке жүйесі мен сезу және көру органдарының морфофункционалды және биохимиялық ерекшеліктері, олардың физикалық диагностика үшін топикалық негізі туралы іргелі білімді қалыптастыру. Жұлынның құрылысы және қабықшалары. Жұлын-ми нервтерінің өрімдерінің қалыптасуы. Бас ми нервтерінің топографиясы. Мидың қарыншалары, ликвор айналымы. Ми мен жұлынның өткізгіш жолдары. Вегетативті жүйке жүйесі. Сезу және көру ағзаларының құрылысы. Жүйке жүйесін, сезу мен көру мүшелерін зерттеудің визуалды әдістері, қауіпсіз күтім дағдылары.	БП	ЖК	6	ОН1 ОН2 ОН11
19	Қалыпты кардиореспираторлық жүйе (анатомия, физиология, гистология, биохимия, сәулелік диагностика негіздері, клиникаға кіріспе)	<i>Интеграцияланған пән:</i> кардиореспираторлық жүйенің морфофункционалдық, биохимиялық ерекшеліктерін, олардың физикалық диагностикасын, топикалық негізін зерттеу. Жүрек пен қан тамырларының құрылысы. Қан айналымы шеңберлері. Үлкен және кіші қан айналымының артериялары. Жоғарғы және төменгі қуыс веналар жүйесі. Қақпа венасының қалыптасуы. Кеуде қуысының және көкірекаралықтың топографиясы. Мұрын қуысының, көмей және кеңірдектің құрылысы. Бронхоалвеолярлы ағаш. Өкпенің құрылысы. Плевра, плевра қуысы. Кардиореспираторлық жүйені зерттеудің визуалды әдістері, дәрігерге дейінгі медициналық көмек дағдылары.	БП	ЖК	7	ОН1 ОН2 ОН11

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-45 беттің 20 беті
6B10115 - Медицина	

20	Қалыпты асқорыту және эндокриндік жүйелер (анатомия, физиология, гистология, биохимия, сәулелік диагностика негіздері, клиникаға кіріспе)	<i>Интеграцияланған пән:</i> ас қорыту және эндокриндік жүйелердің морфофункционалды және биохимиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімді қалыптастыру. Асқорыту және эндокриндік жүйелерінің анатомиясы. Визуалды зерттеу әдістері дәрігерге дейінгі көмек және пациентке бағытталған күтім дағдылары.	БП	ЖК	6	ОН1 ОН2 ОН11
21	Қалыпты несеп-жыныс жүйесі (анатомия, физиология, гистология, биохимия, сәулелік диагностика негіздері, клиникаға кіріспе)	<i>Интеграцияланған пән:</i> несеп-жыныс жүйесінің морфофункционалды және биохимиялық ерекшеліктері туралы іргелі білімді қалыптастыру. Бүйрек құрылысы. Нефрон. Несепағар мен несеп қуықтың құрылысы. Еркек және әйелдердің жыныс ағзаларының құрылысы. Шатаралықтың бұлшықеттері және шандырлдары. Несеп жыныс ағзаларының синтопиясы, голотопиясы, скелетотопиясы. Клиникалық және визуалды зерттеу әдістері. Дәрігерге дейінгі көмек және пациент-орталықтандырылған күтім дағдылары.	БП	ЖК	5	ОН1 ОН2 ОН11
22	Қалыпты қан мен лимфа (анатомия, физиология, гистология, биохимия, клиникаға кіріспе)	<i>Интеграцияланған пән:</i> қан мен лимфаның морфофункционалды және биохимиялық ерекшеліктері. Қан түзетін және иммундық жүйе ағзалары. Қан жасушаларының морфологиясы. Иммунитеттің түрлері. Клиникалық, зертханалық, визуалды зерттеу әдістері.	БП	ЖК	3	ОН1 ОН2 ОН11

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»		
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті		044-09-45 беттің 21 беті
6B10115 - Медицина		

		Дәрігерге дейінгі көмек және пациент-орталықтандырылған күтім дағдылары.				
23	"Палаталық және процедуралық медбикенің көмекшісі ретінде" оқу практикасы	Пациенттерге дәрігерге дейінгі көмек. Медициналық ұйымдарда жұмысты ұйымдастыру. Пациентпен тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өз қызметін үздіксіз жетілдіру мақсатында өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. Дәрілік заттарды қолдану тәсілдері. Процедуралық кабинеттің жұмысын ұйымдастыру. Инъекция әдісі. Зертханалық зерттеулер үшін қан, зәр алу техникасы. Пациенттерді рентген, аспаптық, ультрадыбыстық және басқа зерттеу әдістеріне дайындау.	БП	ЖК	2	ОН2 ОН4 ОН5 ОН14
24	Жобалық қызмет және дәлелді медицина негіздері (Жобалық қызмет негіздері; Дәлелді медицина негіздері)	<i>Интеграцияланған пән:</i> Жоба әдісі. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау. Ғылыми-зерттеу жұмысының дайындық кезеңі. Ғылыми ақпараттың негізгі көздері, оларды талдау және өңдеу. Олардың тиімділігі мен қауіпсіздігінің қолда бар дәлелдеріне негізделген профилактикалық, диагностикалық және емдік шараларды қолдану. Дәрі-дәрмектер мен медициналық манипуляциялардың тиімділігі туралы сенімді ғылыми дәлелдерді қолдану. Дәлелді медицина негізінде емдеу мен диагностиканың клиникалық хаттамаларын жасау және практикаға енгізу қағидалары.	БП	ЖК	3	ОН 1 ОН11 ОН 12

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-45 беттің 22 беті
6B10115 - Медицина	

25	Микробиология және иммунология	Микроорганизмдердің морфофизиологиясы мен генетикасы, этиопатогенезі, иммунитеті, негізгі бактериялық, вирустық және саңырауқұлақтық инфекциялардың зертханалық диагностикасы, профилактикасы және этиотропты терапиясы. Иммунитет жүйесі қызметінің жалпы механизмдері және инфекциялық және инфекциялық емес ауруларды диагностикалаудың заманауи иммунологиялық әдістері.	БП	ЖК	5	ОН1 ОН2 ОН7 ОН14
26	Жалпы патология (патологиялық анатомия және патологиялық физиология)	<i>Интеграцияланған пән:</i> жиі кездесетін ауруларды диагностикалау үшін типтік жалпы патологиялық процестердің даму заңдылықтары туралы іргелі білімдерді қалыптастыру; клиникалық және зертханалық мәліметтерді патофизиологиялық талдау, макро- және микропрепараттарды сипаттау, әртүрлі аурулардың алдын алу және емдеудің патофизиологиялық негіздерін түсіну дағдылары. Этиопатогенезі, морфогенезі, морфологиясы, нәтижесі.	БП	ЖК	6	ОН1 ОН2 ОН11
27	Патологиядағы асқарыту және эндокринді жүйе (биохимия, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, ішкі	<i>Интеграцияланған пән:</i> асқарыту және эндокринді жүйелерінде жиі кездесетін патологиялық процестер, семиотика, синдромология негіздері, физикалық зерттеу әдістері және зертханалық зерттеулердің негізгі параметрлері, этиология сұрақтары, патогенезі, морфогенезі, микроорганизмдердің биологиялық ерекшеліктері, ересектер мен балаларда жиі кездесетін ауруларды диагностикалау үшін зерттеу әдістері мен	БП	ЖК	6	ОН1 ОН2 ОН6

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-45 беттің 23 беті
6B10115 - Медицина	

	аурулар пропедевтикасы, балалар ауруларының пропедевтикасы, фармакология, микробиология)	емдеуге арналған дәрілік заттарды таңдау дағдыларын меңгеру бойынша іргелі білімді қалыптастыру				
28	Патологиядағы несеп-жыныс жүйесі (биохимия, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, ішкі аурулар пропедевтикасы, балалар ауруларының пропедевтикасы, фармакология, микробиология)	<i>Интеграцияланған пән:</i> несеп-жыныс жүйелерінде жиі кездесетін патологиялық процестер, семиотика, синдромология негіздері, физикалық зерттеу әдістері және зертханалық зерттеулердің негізгі параметрлері, этиология сұрақтары, патогенезі, морфогенезі, микроорганизмдердің биологиялық ерекшеліктері, ересектер мен балаларда жиі кездесетін ауруларды диагностикалау үшін зерттеу әдістері мен емдеуге арналған дәрілік заттарды таңдау дағдыларын меңгеру бойынша іргелі білімді қалыптастыру	БП	ЖК	5	ОН1 ОН2 ОН6
29	Өндірістік тәжірибе «Дәрігер-ординатордың көмекшісі ретінде-1» (ішкі аурулар және	Ересек және балалық жастағы науқастарға күтім, емдік, диагностикалық манипуляцияларды жасаудың тәжірибелік дағдыларын меңгеру. Ауру тарихын толтыру: ауру мен өмір тарихы туралы мәліметтер жинау; жалпы жағдайын қарау және бағалау; пациентті объективті зерттеу; ересектер мен балалардағы ішкі ағза ауруларының	БП	ЖК	4	ОН2 ОН4 ОН5 ОН6 PO14

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	044-09-45 беттің 24 беті
6B10115 - Медицина	

	балалар ауруларының пропедевтикасы)	симптомдарын диагностикалау, синдромын алдын ала тұжырымдау. Науқаспен тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби міндеттерді сапалы орындау, өз қызметін үздіксіз жетілдіру мақсатында өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.				
30	Гигиена және эпидемиология (жалпы гигиена, эпидемиология және медициналық ұйымдардағы инфекциялық бақылау)	Интеграцияланған пән: Қоршаған орта және адам денсаулығы. Қоршаған ортаның әртүрлі факторларын гигиеналық нормалаудың қағидалары мен ерекшеліктері. Адам денсаулығына қолайсыз факторлардың әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырудың негізгі бағыттары. Эпидемиологияның міндеттері, эпидемиялық үрдістің құрылымы мен факторлары. Эпидемияға қарсы жұмысты ұйымдастыру негіздері. Медициналық ұйымдардағы медициналық көмек көрсетумен байланысты жұқпаларды инфекциялық бақылау.	БП	ЖК	6	ОН1 ОН2 ОН7 ОН14
31	Клиникалық эпидемиология*	Азаматтардың денсаулығын қорғау үшін жағдай жасауға бағытталған дәлелді медицина қағидаттарын пайдалана отырып, клиникалық эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу құзыреттерін қалыптастыру; ерте диагностикалау, олардың пайда болуы мен дамуының себептері мен шарттарын анықтау, сондай-ақ қоршаған орта факторларының адам денсаулығына зиянды әсерін жоюға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру туралы; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, оның	БП	ТК		ОН 7 ОН 12 ОН 13 ОН 14

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы комитеті	
6B10115 - Медицина	
044-09-45 беттің 25 беті	

		ішінде мақсаттарды таңдау және міндеттерді тұжырымдау, жоспарлау, сәйкес әдістерді таңдау, деректерді жинау, өңдеу, талдау және оларды көпшілікке ұсыну.			4	
32	Денсаулық сақтаудағы менеджмент*	Денсаулық сақтау жүйесін стратегиялық басқару. Басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі денсаулық сақтау саласындағы функцияларды бөлу. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеу. Денсаулық сақтауды қаржыландыру үлгілері. Денсаулық сақтау ұйымының қызмет етуінің ұйымдық-экономикалық үлгілері. Денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі деңгейлеріндегі стратегиялық жоспарлау. ҚР заңнамасы аясындағы қызмет. Халықтың денсаулық жағдайын бағалау және аурулардың алдын алу. Денсаулық сақтаудағы цифрландыру. Инновациялық технологиялар, телемедицина және электронды құжаттама.	БП	ТК		ОН 3 ОН 7 ОН13 ОН14
